Автор: Есимова Райгүл Олжабаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Ғаламтор және әлеуметтік желілер
Тақырып: Ғаламтор тарихы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.Т/А1.Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау. 7.ӘТН4.1. Етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	Бүкіләлемдік өрмек-ғаламтор
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	2-тоқсанда өткен білімді қайталау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (15 мин)	Ұйымдастыру кезеңі2 минут Топтарға бөлу. Тірек сөздер бойынша топқа бөліну. Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда бақыт,қуаныш,шаттық деген сөздер болу керек. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут -Салем достым! (амандасады) -Сен қалайсың? (иықтарынан қағады) -Қайда болдың? (құлақтарынан тартады) -Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды) -Сен келдің! (қолдарын жаяды) -Жақсы болды!(құшақтайды) Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Стикердегі диалог» әдісі (Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.) 5e3389b9a57da.png type unknown	1-топ: бақыт 2-топ: қуаныш 3-топ: шаттық Тренинг жазылған парақшалар Оқулық. Кеспе мәтіндер. Оқулық,қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (12 мин)	Қолдану Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Ортақ тапсырма: «Пкірлер» парағы әдісі «Бүкіләлемдік өрмек-ғаламтор» деген тақырыпта ойтолғау жазу. 1-топ: бақыт Жауабын жазады. 2-топ: қуаныш Тексеріп, қосымша мәліметтер қосады. 3-топ: шаттық Ұсыныс жазады. Талдау «Броундық қозғалыс» Оқушылар сынипты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партаға отыруға болмайтынын ескерту керек. «Қызыл гүлім-ай» биі	«Пкірлер» парағы әдісі, сұрақтар жазылған парақшалар,қалам. Оқулықтағы мәтінді оқып алады. Би билейді
Сабақтың соңы (15 мин)	Синтез «Карточкадағы терминдер» әдісі Тапсырма: Сынипты аралап жүріп, осы термиді өзге топтардағы оқушыларға түсіндіріп береді. Бағалау парақшасы Дұрыс жауапқа 5 балл. 5e338b48cbfd5.png Image not found or type unknown	Карточкада жазылған терминдер Бағалау парақшасы
Рефлексия (3 мин)	Рефлексия парағы 5e338bb733171.png Image not found or type unknown	Қағаз қиындылары.